

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Заманауи білім беру ортасы жағдайларында оқушыларды тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24300/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мейрамова Лиза Мейрамовна

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер кез келген қызмет саласындағы жаңартуды талап етеді. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақстан халқына арналған Жолдауында Қазақстан дамуының басымдылық бағыттары айқындалып, Қазақстан бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру мақсаты қойылған. Жаңа технологияларды меңгерген,білікті,білімді мамандар ғана алға қойылған мақсаттар мен жоспарларды жүзеге асыра алады.Бұл үрдісте білім берудің алатын орны ерекше.Қазіргі жаңартылған білім беру саласы-еліміздің әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін сақтауға,жастардың дамуына,жас ұрпақтың өмір салтын таңдауына көмек бертін біздің қоғамымыз бен мәдениетіміздің қажетті бөлшегі болып табылады. Қоғам жағдайы – білім беру үрдісінің жағдайына байланысты. Қазіргі замандағы білім берудің міндеті-әлемнің жаңа бейнесін қалыптастыру, адамның шығармашылық жұмыстарын дамыту арқылы тұлғаны ішкі жан дүниесін кеңейту.Қазіргі өмір өзгерістерді талап етсе, жастар сол өзгерістердің бастауы болып табылады. Егер біздің жастарымыз сауатты, білімді, мәдениетті болса, онда біздің қоғамымыздың да болашағы жарқын болары сөзсіз.

Білім беруді жаңғырту – бұл жаңа өмір сапасы. Оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу – бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Оқытудың дәстүрлі әдістері мен жаңа ақпараттық технологияларды бір жүйеге қоюдың жолдарын қарастыру қажет.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға

қабілетті болуын талап етеді. Математика пәні оқушылардың өз ойын қысқа, дәл және дұрыс айтып бере алуы үшін зор мүмкіндіктер туғызады. Білім сапасын арттыру әр мұғалімнен шығармашылықпен жұмыс жасауды талап етеді. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Сабақты қызықты, тартымды өткізу мұғалімнің білімділігіне, қабілетіне, тапқырлығына және сабақтың әр түрлі әдіс тәсілдерін орынды қолдана білуінде. Оқушының математикадан білімін көтерудің ең басты шарты – пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы жоғары болса ғана бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана сабақ мақсатына жетеді.

Қазіргі оқыту жүйесінің өзіндік ерекшеліктері білім берудің мазмұндық негізін анықтауда баланы оқу материалдарын дайын күйінде алуға емес, өз бетімен ізденуге, өзіне қажетті білімді іздестіруге үйрету болып отыр. Сабақ үрдісінде тұлға құзіреттілігін дамыту – ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіруі, сапасын арттыруы нәтижелі білім беруге бағыттайды.

Пәндерді оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп, меңгеруде оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыландырады. Сондықтан әр сабақты жоспарлауда мұғалім бағыттаушы, ал оқушы білімді өз бетінше іздеуші рөлін атқарса, білім теорияға негізделмей, практикалық бағытта жүрсе, құзыреттіліктерінің кеңейуіне зор ықпал ететіні белгілі. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған білім мазмұнының бойынша оқытудың маңызы ерекше. Жаңа білім беру мазмұнына сай сындарлы оқыту теориясы негізінде жетімодульді сабақта тиімді ықпалдастыру; Түрлі оқыту құралдарын қолдануы. Әр сабақ бойы оқушылардың белсенділігін ұйымдастыру; Сабақта жаппай, топтық, ұжымдық жұмыстарды үйлестіру; Сабақта оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы. Қолданылған тәсілдердің сабақ мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі және жалпы сабақ мазмұнын айқындауда жүйелілігін қажет етеді. Мақсат адам нәтижесіне кәміл сеніп, табандылықпен ұмтылатын, сол адам үшін ең маңызды болатын дүние. Көзделген мақсатқа бірінші қадам-әрекеттер жоспарын жасау. Жоспардың болуы өздігінен мақсатқа жету болып табылмайды, алайда әрекеттер жоспарын жасау кезінде көзделген мақсаттарды бекіту өте маңызды. Мұғалімнің оқушыларға арнап жоспарлайтын іс-жоспарлары оқу мақсаттары болып табылады. Осыған байланысты, оқыту мен оқу мақсаттарын қалыптастыруда мұғалімдер төмендегілерді ескеруі қажет:

Сабақ мақсатының нақты болуы. Жетістікке жету үшін оқушылар нені оқып

үйрену керектігі ескерілуі. Сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік үш мақсатының орындалуын басты назарға қою. Топтастыру әдісінің дұрыс ұйымдастырылуы. Үй тапсырмасын мүмкіндігінше саралап беру және пәнді терең меңгеруге талпынатын, қабілетті оқушылар үшін қиындығы жоғары қосымша тапсырмалар беру. Үй тапсырмасының тиімділігін арттыруға арналған және оқушылардың терең білім алуына мүмкіндік беретін дидактикалық әдістерді қолдану керек. Бірлескен оқуды жүзеге асыру. Топ қалай бірлесіп жұмыс атқарды, топ мүшелері бір-біріне қалай көмектесті, топ ішінде талқылау кезінде мұғалім әр топтың көзқарасын, жұмыс жүйесін мұқият бақылауы керек. Бағыт бағдар беру керек. Сабақта барлық оқушылар үшін түрткі болатын тапсырмаларды беру. Жоғары қабілетті, дарынды және талантты балалар ескеру және дарынды балаларды анықтап күрделілігі жоғары тапсырмалар беру. Мысалы: деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жоба, шығармашылық тапсырмалар, ментальді карта, тақырыптық таныстырылым жасауға дағдыландыру. Оқу әрекетінде оқушыларға неғұрлым көбірек бостандық пен өз бетімен әрекеттенуге жол берілсе, соғұрлым оған оқушылардың қызығушылығы арта түседі. Белгілі бір әрекеттің нәтижелігіне қызығушылықтың тәуелділігі де өзгереді, оқушысы әдетте өзі сәтті жүзеге асыра алатын, оңай әрекетке қызығады, кейін олардың қызығушылығы қиындықтарды жеңуге де бағытталады. Оқушылардың негізгі қызығушылығы оның өмірінің мазмұнымен, үйдегі, мектептегі әрекетімен анықталады.

Сабақтағы топтық жұмыс кейде назардан сырт қалып қоятын оқушыларды ұжымдық жұмысқа кірістіріп, өздерінің сол топтың бір белді мүшесі болуға мүмкіндіктер жасау керек. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін өз жұмыстары мен сыныптастарының жұмыстарын өздері бағалауға үйрету керек.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді үйретеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтті. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен шенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылды және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп

отыруға мүмкіндік береді. Білім беру мазмұнын жаңартудың басты міндеті оқушыларды өз ойын еркін жеткізіп, кез келген кезеңнен шыға білуге тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана. 2004 жыл.
2. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. теория және тәжірибе . Алматы. 2005 жыл.
3. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008 жыл

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.